"ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТКОМИТЕТІНІҢ
ТҮРКІСТАНОБЛЫСЫ БОЙЫНША
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ
ДЕПАРТАМЕНТІ"РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ "ДЕПАРТАМЕНТ
ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТАПО ТУРКЕСТАНСКОЙ
ОБЛАСТИКОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
МИНИСТЕРСТВО ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН"

160002, Шымкент к., Водопьянов көшесі, 14-ғимарат
Тел.: 8 (7252) 35-06-06, факс: 35-10-01
ММ код 2170025, СТН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN 0000000 0000000
ОКО бойынша Қазынашылық Департаменті БСН 000440001616

160002, г. Шымкент, ул. Водопьянова, 14-здания
Тел.: 8 (7252) 35-06-06, факс: 35-10-01
Код ГУ 2170025, РНН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN

Департамент Казначейства по ЮКО БСН 000440001616

28.04.2021-ғы № 03-18/2121 шығыс хаты

«Энерготеплопроект» ЖШС

Түркістан облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті *(бұдан әрі – Департамент),* Сіздің 16.04.2021 жылғы №99418 хатыңызға төмендегіні хабарлайды:

Кентау қаласы әкімдігінің «Кентау қалалық мемлекеттік сатып алу бөлімі» мемлекеттік мекемесі *(бұдан әрі – Ұйымдастырушы)* мемлекеттік сатып алу веб-порталында ашық конкурс тәсілімен жарияланған №5446731-2 *«Конкурстық құжаттамаға сәйкес жұмыстарды мемлекеттік сатып алу»* мемлекеттік сатып алуға камералдық бақылау жұмыстары жүргізілді.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434 «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының *(әрі қарай – Заң)* 9 быбының 1 тармағының 4 тармақшасында, *әлеуетті өнім берушілерге біліктілік талаптары қойылады, оның ішінде мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық, еңбек және қаржы ресурстарының болуы қажет* делінген.

ҚР Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының» *(әрі қарай – Қағидалар)* Қағиданың 150 тармағына сәйкес, әлеуетті өнім беруші (конкурсқа қатысушы болып танылған) конкурсқа жіберілмейді егер:

– конкурстық құжаттаманың 5, 5-1, 6 және 7-қосымшаларына сәйкес біліктілігі туралы мәліметтерді ұсынбауы, сондай-ақ толық емес ұсынуы

–конкурстық құжаттамада көрсетілген, шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық және еңбек ресурстарына ие болуы бөлігінде әлеуетті өнім берушінің біліктілік талаптарына сәйкес болмауы делінген.

Мемлекеттік сатып алу веб-порталын зерделеу барысында, Ұйымдастырушы тарапынан Конкурстық құжаттамаға 1-3 қосымшасына сәйкес, әлеуетті өнім берушілерге *«...Установка для открытого водоотлива на базе трактора, 700 м3/ч (1 ед.)...»* материалдық ресурсы талап етілгендігі анықталды.

Әлеуетті өнім беруші «Энерготеплопроект» ЖШС-нің конкурстық өтінімін зерделеу барысында анықталғандай, Конкурстық құжаттамаға 5-1 қосымшасында (Біліктілік туралы мәліметтер) «*Установка для открытого водоотлива на базе трактора, 700 м3/ч*» материалдық ресурсы мәлімделген.

29.04.2021 ЭҚАБЖ МО (7.23.0 нұсқасы)

Алайда, аталған материалдық ресурсқа қоса берілген құжаттарды зерделеу барысында, «*Установка для открытого водоотлива на базе трактора, 700 м3/ч*» материалдық ресурсқа жалға берушінің меншік құқығын растайтын құжаттар ұсынылмағандығы анықталды.

Осыған орай, Қағиданың 150-тармағына сәйкес, әлеуетті өнім беруші «Энерготеплопроект» ЖШС-нің конкурстық өтінімі конкуртық құжаттамада бекітілген біліктілік талаптарына сәйкес келмеуіне байланысты конкурстан шеттетілуге жатады.

Бұл ретте, әлеуетті өнім беруші «Энерготеплопроект» ЖШС-нің жұмыс тәжірибесі үшін шартты жеңілдіктерінің дұрыс есептелмеуі конкурс қорытындысына әсер етпейді.

Камералдық бақылау - Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434 «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 47 бабы 5 тармағына сәйкес жүргізілгенін мәлімдейміз.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы №221 «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының 12 және 14 баптарына сәйкес өтініш бойынша қабылданған шешімге шағым жасауға құқылы екендігіңізді назарыңызға саламыз.

Сонымен қатар, ҚР 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 47 бабының 9 тармағына сәйкес, осы бапта көзделген, дауларды сотқа дейін реттеу тәртібі міндетті болып табылады.

жалға берушінің меншік құқығын растайтын құжаттар

Департамент басшысының орынбасары **Т.Тултебаев**

Орын: ✍: А.Шопчекбаев
☎: 8-7252-35-00-35

О.Ажибеков